

Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті

ӘОЖ 314.143

Колжазба құқында

АБЕНОВА КУЛЗАДА АБДРАХМАНҚЫЗЫ

Қазақстанның демографиялық дамуының экономикалық механизмдері

6D050600- Экономика

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
Э.ғ.д., профессор Р.Ө.Рахметова,
РФ ғылымына еңбек сіңірген
қайраткер, Э.ғ.д., профессор
В.Н.Бобков

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2014

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ.....	10
1.1 Қазақстанның экономикалық-демографиялық дамуының теориялық және әдіснамалық негіздері.....	10
1.2 Әлемдік демографиялық үрдістердің қалыптасуының ерекшеліктері...	22
1.3 Қазақстанның қазіргі демографиялық саясаты.....	33
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ - ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІН ТАЛДАУ.....	44
2.1 Қазақстанның экономикалық дамуының демографиялық өзгерістерге ықпалы.....	44
2.2 Елдің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық даму факторларына эконометрикалық талдау.....	56
2.3 Демографияны дамытудағы қазақстандық отбасылардың экономикалық әлеуетінің рөлі.....	65
2.4 Ауыл және қала халқының негізгі демографиялық трендтерінің ерекшеліктері.....	78
3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨСҮ ҮРДІСТЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ.....	94
3.1 Ауылдық елдімекендердің экономикалық орнықты дамуы - демографиялық ұдайы өсудің тетігі.....	94
3.2 Демографиялық ұдайы өсу үрдісінің экономикалық механизмдері....	105
3.3 Қазақстан халқының динамикалық дамуының демографиялық болжамы.....	113
ҚОРЫТЫНДЫ.....	125
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗМІ.....	129

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасы Президенті- Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына жолдауы. Астана, 2012 ж., 14 желтоқсан.

Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны» туралы 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-ІҮ заңы (2013.10.12 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ кодексі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Демографиялық саясат пен отбасын нығайтудың 2010-2020 жылдарға арналған» тұжырымдамасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдаған Үдемелі индустримальық-инновациялық дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасы, Астана, 2009 ж.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы ҚР Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы №1113 жарлығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы №636 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Агробизнес -2020" Қазақстан Республикасындағы агроОнеркәсіп кешенін дамытуға арналған Бағдарламасын бекіту туралы 2013 ж. 18 акпандағы №151 қаулысы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ААТ	- атаулы ақшалай табыстар
АДИ	- адам даму индексі
АҚШ	- Америка Құрама Штаттар
БҰҰ	- Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЖҚТБ	- жүктірылған қорғаныш тапшылығының белгісі
ЖОО	- жоғары оқу орындары
ЖІӨ	- жалпы ішкі өнім
ҚПЗО	- қоғамдық пікірді зерттеу орталығы
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР АШМ	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
РФ	- Ресей Федерациясы
СМП	- сатып алу мүмкіндігінің паритеті
ТМД	- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ХЕҰ	- Халықаралық Еңбек ұйымы
ҰТ	- Ұлттық табыс
ИҚМ	- ірі қара мал

KIPIСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Дүние жүзінің кез келген мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани-мәдени дамуындағы жетістіктерінде оның халқы маңызды рөл атқарады. Тұрғындардың әл-ауқатына әсер ететін еңбек ресурстарының көлемі, экономикалық әлеуеті, бәсекеге қабілеттілігі, елдің дүниежүзілік деңгейдегі табыстары мен саяси тұрақтылығы демографиялық даму үрдісіне тәуелді. Халықтың ұдайы көбеюінің он қарқындылығы мемлекеттің өмір сүре алу қабілетін, тұрғындардың әлеуметтік жағдайы мен болашаққа сенімділігін көрсетсе, сонымен қатар демографиялық үдерістердегі орын алғып отырған мәселелер мемлекеттің әрі қарай экономикалық өсіміне кедергі келтіре отырып, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайын шиеленістіруі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жаңа стратегиялық бағдарламасында бүкіл әлемде демографиялық тенгерімсіздіктің күшейіп, жаһандық тренд – халықтың картало үрдісінің белен алғып отырғанын айта келіп, алдағы 40 жылдан соң алпыстан асқандардың саны екі есе артатынын, біздің елімізге келетін заңсыз еңбек мигранттарының жергілікті жердің еңбек нарығын тұрақсыздыққа әкелетіндігін, осындағы елдің жекеленген аймақтардағы көші-қон қысымымен кездесетіндігін, ол үшін еліміздегі демографиялық жағдайды дамытуды жетілдіру, соның негізінде халық санын көбейту, мемлекеттік қауіпсіздікті нығайту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін адами әлеуетті жуық арада көбейту қажеттігін көрсете келе, «...біздің еліміздің жақын арада кері үдеріспен, яғни өзге елдерден шекара асып келетін шет елдік иммиграциясының басып алу қаупінің жоғары» екендігін атап көрсетті [1].

Қазақстан Республикасының қазіргі демографиялық жағдайына өмір сүру ұзақтығының төмен көрсеткіші, еңбекке қабілетті жастағы ер адамдардың арасындағы өлім-жітімнің жоғары болуы, ерлер мен әйелдердің орташа жасындағы айырмашылықтың, күн көріс үшін ауыл тұрғындарының қалаға көшуінен ішкі көші-қонның дұрыс реттелмеуі, мемлекеттік саясатты дамытудың негізі болып табылатын халықтың ұдайы өсуінің бәсендеуі сияқты сипаттамалар тән. Туудың соңғы төрт жылда тұрақталып қалуы таяу уақыттағы жұмысқа қабілетті халықтың жетіспеушілігі қаупін туғызыры анық. Қазақстанға тұрғындарының аз болуы аймақтық инфракұрылымның өзгеруіне, экономикалық қауіпсіздікке көтер төндіретін құбылыс.

Әрбір мемлекеттің тұрғындары өздерінің құрылымы мен уақытқа сәйкес өзгеріп отыратындығына қарай бірыңғай емес, сондықтан халықтың демографиялық заңдылықтарының дамуы, оның құрамы мен басқа да сипаттамаларын зерттегенде сол халықтың нақты ұлттық ерекшеліктері мен елдің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени әлеуетін есепке алу керек.

Қазақтардың ұлттық ерекшеліктерінде көп балалы болу, туыстық қатынастарда да көп болуды қалайтын психологиялық мінез-құлық бар. Жас

отбасыларда 3-4 балаға деген сұраныс бар. Бірақ экономикалық жағдайдағы жалпы ішкі өнім мен жан басына бөлгенде шығатын табыстың аздығы, сол табысты көбейту үшін жұмыс көздерінің тапшылығы немесе еңбек ресурстарымен қамтамасыз ете алмауы осы сұранысты тежеп отыр. Жоғарыда көтерілген мәселелер біздің зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі. ТМД елдерінің ғалымдары әлеуметтік-экономикалық және демографиялық мәселені шешуді зерттеуде тұрғындардың көбеюін, отбасы табысы, отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамтуды қарастырган А.И. Антонов, В.А. Белова, Г.А. Бондарская, В.А. Борисов, А.Я. Боярский, А.Г. Волков, А.Г. Вишневский, Л.Е. Дарский, П.П. Звидриньш, И.П. Каткова, А.Я. Кваша, Г.П. Киселева, М.В. Курман, А.Б. Синельников, Б.И. Урланиц, А.Г. Харчев, Л.В. Чуйколардың т.б ғылыми зерттеу жұмыстары бар [2-18]. Тұрғындардың өмір сапасының деңгейін әлеуметтік-экономикалық талдауда, ел халқының сандық және сапалық сипаттамасын, халықты экономикалық топтарға бөлу, бұл топтардың арасындағы айырмашылық пен олардың әрқайсысының тұтынушылық мінездүлкін, әлеуметтік-экономикалық профилі, сонымен қатар, отбасылық табыстарының бөлінуі туралы зерттеген Ресей ғалымдары В.Н. Бобков, И.В. Колмаков, Л.А. Беляева, В.В. Радаев, Н.В. Зубаревич, Т.Ю. Богомолова еңбектерінде [19-26] қарастырылды.

Жалпы жаңару үрдістерін, жекелеп көрсеткенде тұрғындар санының өсуінің экономикаға әсерін зерттеумен шетелдің және Қазақстанның ғалым-экономистері айналысқан. Олардың қатарына А.М. Елемесова, Б.С. Досмамбетов, А.П. Авров, Ү.А. Амиреев, Н.С. Есіпов, Ұ.М. Ысқақов, Л.А. Квон, С.Н. Железко, А.К. Кошанов және көптеген басқа ғалымдарды жатқызуға болады [27-36].

Мемлекеттің экономикалық дамуының тұрғындар санының өсу деңгейіне әсері, зерттелетін мәселенің маңызды бөлігі болып табылады. Демографиялық дамудағы халық санын және оның табиғи өсімін қамтамасыз етудегі отбасы табысы, халықтың өмір сұру деңгейін бағалаудың әдістемесі мен әдістерін жетілдіруде қомақты зерттеу жұмыстарымен танымал шетелдік ғалымдар А. Родоун, Ж. Зислин, Б. Болник, К. Үрсуленко, С.Охари, М.Жентиле айналысқан [37-39].

Сонымен қатар, зерттеу жұмысының жалпы теориялық және методологиялық негізін қазақстандық ғалым-экономистер А.А. Ахметова, С.Б. Байзаков, К.Б. Берентаев, С.М. Куница, К.С. Мұхтарова, Р.Ә. Рахметова, Г.Н. Сансызбаева, Ю.К. Шокамановтардың фундаментальды ғылыми еңбектері құрады [40-47].

Қалыптасқан мемлекет ретінде өркендеу жолына түскен Қазақстан Республикасы үшін демографиялық дамудың мәселелерін шешудің өзектілігі және оны экономикалық және демографиялық жақтарынан өзара байланысы тұрғысынан аз қарастырылуы зерттеу тақырыбын тандауымызды анықтады.

Зерттеудің мақсаты - Қазақстанның демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуының өз ара байланысының теориялық және әдіснамалық

негізін зерттей отырып, халық санын көтерудің экономикалық механизмдерін қарастыру.

Осы мақсатты іске асыру келесі міндеттердің шешілуін қарастырады:

- Қазақстанның экономикалық-демографиялық дамуының өзара байланысының теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу;

- Қазақстан Республикасында тәуелсіздік жылдар аралығындағы демографиялық даму үрдістерін (халықтың табиғи қозғалысының негізгі көрсеткіштері арқылы) кешенді зерттеп, қалыптасқан бағыттың ерекшеліктерін аймақтар бойынша көрсету;

- демографиялық дамудың негізгі көрсеткіштеріне елдегі әлеуметтік-экономикалық даму кезеңіндегі өзгерістердің ықпалын зерттеп, эконометрикалық талдау арқылы әсері жоғары болған экономикалық факторларды айқындау;

- Қазақстанның демографиялық үрдістерінің оң тенденциясын қалыптастыруышы әлеуметтік-экономикалық факторларды анықтай отырып, қала және ауыл тұрғындарының негізгі демографиялық тіректеріне сипаттама беру;

- соңғы жылдардағы қалыптасқан нарықтық экономикалық дамудың негізінде елдің демографиялық ұдайы дамуын қамтамасыз етудің экономикалық механизмдерін ұсыну;

- Қазақстанда халық санын динамикалық дамытудың демографиялық болжамын жасау.

Зерттеу нысанасы – Қазақстан Республикасының экономикалық және демографиялық үдерістерінің өз ара байланыс тенденциясы;

Зерттеу пәні – демографиялық даму үрдісінде пайда болған әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жиынтығы;

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі. Зерттеудің теориялық және әдістемелік базасы болып экономикалық теория классиктерінің еңбектері, демография және оның дамуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторларды қарастырған қазіргі экономикалық мектептің өкілдерінің ғылыми жұмыстары, сондай-ақ эконометрикалық моделдеу, экономикалық зерттеулерге математикалық әдістерді қолдану саласындағы ғалымдардың еңбектері болып табылады.

Зерттеу абстракты-логикалық, есептеу-құрылымдық, монографиялық, экономико-статистикалық, эконометрикалық, статистикалық талдау және дәстүрлі әдістер қолдану негізінде орындалды. Диссертациялық зерттеулер нәтижесі математикалық әдістер мен модельдерді компьютерлік арнаулы программаларды кеңінен қолдану арқылы негізделген.

Зерттеудің ақпараттық негізі. Жұмыста Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері пайдаланылды. Президенттің жыл сайынғы жолдаулары, Үкімет Қаулылары, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, ҚР Статистика агенттігінің жыл сайын жариялайтын жинақтары, ресми қазақстандық Интернет-порталдардағы материалдар қолданылды. Бұқілодактық халық санағының, мерзімдік баспасөз

материалдары, демографиялық даму бойынша әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері жұмыстың ақпараттық негізін құрады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында ғылыми жаңашылдығы бар келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- Қазақстанның экономикалық-демографиялық дамуының өзара байланысының теориялық және әдіснамалық негіздерін тұжырымдай отырып экономикалық-демография үғымына авторлық түсінік берілді;

- Қазақстан Республикасының ұлттық этностық ерекшеліктерін ескеріп әлеуметтік-экономикалық талдау барысында демографиялық дамудың кепілі ауыл тұрғындары екендігі негізделді;

- демографиялық үрдістердің негізгі көрсеткіші – жалпы туу коэффициентінің статистикалық тәуелділік тендеуі құрылыш, оған әсер етуші экономикалық факторларды, оның ішінде жан басына келетін атаулы табыс көзінің орны ерекшеленді;

- ауылды тұрақты дамытудың экономикалық тетігі - табиғи ресурстарын тиімді пайдаланудың базалық параметрі дайындалды;

- ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтамасыз етудегі еңбек ресурстарының базалық нормативтері жасалды;

- республикадағы халық санының келешек өсуи болжамының эконометрикалық моделі құрылды.

Корғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар

- қала және ауыл халқының демографиялық трендтерінің себеп салдары анықталып, осыдан еліміздің халқының санын көбейтуде ауылдың ролінің жоғары екені нақтыланды, ондағы халық санының өсіміне кепілді факторы ретінде ауылдың елді мекендерде тұрақты экономикалық дамуы қажет екендігі ұсынылды;

- демографиялық үрдістің негізгі көрсеткіші – туу коэффициентіне эконометрикалық зерттеулер жүргізу нәтижесінде, оның экономикалық факторларға тәуелділігі, атап айтқанда экономикалық белсенді ауыл тұрғының тұрақты жұмыспен қамту арқылы жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім, отбасына кіретін атаулы табыстың ықпалы шешуші фактор екендігі айқындалды;

- демографиялық өсуді қамтамасыз ету үшін ауыл тұрғындарын жергілікті орнықтыру мақсатында (жұмыс орындарын ашу, инфрақұрылымды дамытудың), ауыл экономикасын диверсификациялау негізінде егістік жерлерді оңтайлы пайдаланудың нормативтік базасы жасалды;

- ауыл халқының отбасы табысын көтеруді қалыптастырудың негізі ретінде мал шаруашылығын дамыту арқылы тұрақты еңбек ресурстарының мүмкіндіктері көрсетілді

- келешекте демографиялық дамуды болжауда математикалық, статистикалық модельдер колдану нәтижесінде шынайы болжамға қол жеткізу үшін соңғы жылдары (4-5 жылдар) орын алған жағдайларды есепке алу керек деген қорытынды жасалды.

Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы

Жұмыстың нәтижесі Қазақстанның демографиялық дамуының қала мен ауыл халқының туу, өлім және табиғи өсіміне әсер ететін әр түрлі тарихи, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси факторлар дәрежесін бағалауға және мемлекеттің демографиялық дамуының механизмі ретінде ауыл халқының жағдайын жақсартудың 2013-2014 жылдардағы "ҚР-ның демографиялық болжамы: негізгі трендтер, мәселелер және тәжірибелік ұсыныстар" тақырыбында "Әлеуметтік саясат пен мемлекеттік басқарудағы жана қағидалардың басым бағыттары" бойынша мемлекеттік тапсырыс шенберінде орындалған ғылыми жобаның есебіне енуге мүмкіндік алды.

Зерттеу жұмыстарында жинақталған мәліметтер, қорытындылар, ұсыныстар бұл бағыттың әрі қарай зерттеуде әдістемелік, ал әлеуметтік-экономикалық саясатта демографиялық дамытуға арналған кешенді іс-шаралар жүргізуде жергілікті және мемлекеттік органдардың қолдануда практикалық маңызы бар.

Алынған мәліметтерді ауыл мен қаланы дамытуда халыққа, әсіресе жастарға әлеуметтік инфрақұрылымдарды, білім беру, денсаулық сактау жүйесіндегі Н.Ә.Назарбаевтың «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына жиырма қадам» мақаласында көрсеткендегі «әлеуметтік лифтердің» механизмін құруда қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерін ендіру және сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеудің негізгі түйіндері мен қорытындылар автормен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда және жұмыстың тақырыбы бойынша 8 б.т. көлеміндегі ғылыми мақалалар мен тезистерде жарияланды.

Диссертациялық зерттеу жұмысы 2013-2014 жылдардағы "ҚР-ның демографиялық болжамы: негізгі трендтер, мәселелер және тәжірибелік ұсыныстар" тақырыбында "Әлеуметтік саясат пен мемлекеттік басқарудағы жаңа қағидалардың басым бағыттары" бойынша мемлекеттік тапсырыс ғылыми жобасына енді.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымы

Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары 8 б.т. құрайтын 16 ғылыми еңбектерде, оның ішінде Scopus цитаталау базасына енген шетелдік 1 журналда, Ғылым және Білім саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылымдар тізіміне сәйкес – 5, өзге ғылыми басылымдарда – 5, шетелдік басылымдарда – 6 жарияланды, оның 4-үі шет елдік халықаралық ғылыми конференциялар болып табылады.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс белгілер мен қысқартулар, нормативтік сілтемелер, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.